

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін берудің тәртібі туралы ережеге толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы директоры 1999 жылғы 18 наурыз N 260 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1.04.1999 ж. тіркелді. Тіркеу N 723. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 2 қазандағы N 143 қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.10.02 N 143 қаулысымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

Бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасы (бұдан әрі - Агенттік) Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Осы қаулының осымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

3

4. ...

Төрайым

Е. Бахмутова

Қазақстан Республикасы

Қаржы нарығын және қаржы

ұйымдарын реттеу мен қадағалау

агенттігі Басқармасының

2008 жылғы 2 қазандағы

N 143 қаулысына осымша

Күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Мына нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

- 1) ;*
- 2) ;*
- 3) ;*

- 4) . . . ;
- 5) . . . ;
- 6) . . . ;
- 7) . . . ;

8) Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін берудің тәртібі туралы ережеге толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 18 наурыздағы N 260 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 723 тіркелген) ;

9)

"Қазақстан Республикасының айналыс мерзімі бір жыл және бір жылдан көп индекстелген мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерінің шығарылым, айналыс және өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 наурыздағы N 220 P990220_ қаулысының күшіне енгізілуіне байланысты Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директораты қаулы етеді :

1. Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 08 қазандағы N 161 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 11 ақпанда N 458 V970458_ нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін берудің тәртібі туралы ережеге мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) 3.4.1. тармағына :

екінші-жетінші бөліктері тиісінше үшінші-сегізінші бөліктер болып саналсын ;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"3 - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің индекстелген мемлекеттік қазынашылық міндеттемелері (МЕИКАМ) (осы бөлік БҚҰК Директоратының 1999 жылғы 18 наурыздағы N 260 V990723_ қаулысымен енгізілген) ; "

2) 3.4.2. тармағына :

екінші-алтыншы бөліктері тиісінше үшінші-жетінші бөліктер болып саналсын ;

мынадай мазмұнды екінші бөлікпен толықтырылсын:

"- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің индекстелген мемлекеттік қазынашылық міндеттемелері (МЕИКАМ) үшін - жартыжылдықтармен (осы бөлік БҚҰК Директоратының 1999 жылғы 18 наурыздағы N 260 V990723_ қаулысымен енгізілген) ; "

2. Осы Қаулының ол қабылданған сәттен бастап күшіне енгізілетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссияның Заң басқармасы осы Қаулыны оны мемлекеттік тіркеу (осы Қаулының мемлекеттік тіркеуге жатпайтындығы туралы хабар алу) мақсатында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін. 4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Корпоративтік қаржылар басқармасы: 1) осы Қаулыны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің назарына жеткізсін; 2) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын. Комиссияның Төрағасы Оқығандар: Умбетова А. М. И к е б а е в а А . Ж .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК